

К.У. Қарабаева<sup>1\*</sup>, А.Ш. Сырлыбаева<sup>2</sup>, Н.К. Дюсебаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>а.-ш.-ғ.к. доцент, Шымкент университеті,

<sup>2</sup>аға оқытушы, Шымкент университеті

<sup>3</sup>тарих пәнінің мұғалімі, А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия  
Шымкент қ., Қазақстан, E-mail: nurmuhameda@mail.ru

## ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ: КЕШЕГІСІ МЕН БҮГІНІ

### Аңдатпа

Қазақтар ең көп орналасқан Орта Азиядағы елдің бірі – Өзбекстан Республикасы. Өйткені, статистикалық деректер бұл елде 1,5 миллионға жуық қандастарымыз тұратындығын айғақтап отыр. Мақалада көршілес Өзбекстандағы қазақ диаспорасының талайлы тағдыры, кешегісі мен бүгінгісі, «Нұрлы көш» бағдарламасының маңыздылығын арттыру жолдары сараланып, отандастарды атажұртқа тарту үдерісінің ұлттық сананы жаңғыртудағы рөлі мейлінше талдап-тарзыланады.

Қазақтың байтақ даласы қашанда көшпелілік салттың өзіндік ерекшеліктермен сабақтасып жатты. Өйткені, халқымыз төрт түлікті кие тұтып, өзінің ата кәсібіндей көріп, мал соңында көшіп-қонып жүрді. Тіршілігінің негізгі көзі, алынған басты өнімдерінің дені төрт-түлікке байланысты болды.

«Рухани жаңғырудың» басты ұстын-тірегі, «Мәңгілік Ел» идеясының негізі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру десек, авторлар назарынан Өзбекстан еліндегі қазақ тілі мәселесі, мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің сақталуын да назардан тыс қалдырмаған.

**Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, Мәңгілік Ел, шетелдегі қазақ диаспорасы, Өзбекстан Республикасы, атажұрт, көшпелі халық, қазақ тілі.

Қарабаева К.У. <sup>1\*</sup>, Сырлыбаев А.Ш. <sup>2</sup>, Дюсебаев Н.К. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>доцент, Шымкентский университет

<sup>2</sup>старший преподаватель, Шымкентский университет

<sup>3</sup>учитель истории, школа-гимназия №1 им. А.С. Пушкина  
г. Шымкент, Казахстан, E-mail: nurmuhameda@mail.ru

## КАЗАХСКАЯ ДИАСПОРА В УЗБЕКИСТАНЕ: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

### Аннотация

Одной из самых густонаселенных стран Центральной Азии является Республика Узбекистан. Ведь статистические данные свидетельствуют о том, что в этой стране проживает около 1,5 миллиона наших соотечественников. В статье охарактеризована судьба казахской диаспоры в соседнем Узбекистане, их прошлое и настоящее, пути повышения значимости программы "Нұрлы көш", а также подробно проанализирована роль процесса вовлечения соотечественников в модернизацию национального сознания.

Казахские степи всегда отличались самобытностью кочевого обряда. Ведь казахский народ уважал четыре вида скота (лошадь, верблюд, корова, овца), которые мигрировали вместе с ними, занимаясь скотоводством как исконное занятие прадедов. Потому что, основной источник жизнеобеспечения, основная масса получаемых продуктов зависела от них.

Если главная опора «Рухани жаңғыру», основа идеи "Мәңгілік Ел" - повышение статуса государственного языка. Поэтому авторы не оставили без внимания и вопрос казахского языка в Узбекистане, сохранения нашей культуры и традиций в этой стране.

**Ключевые слова:** Рухани жаңғыру, Мәңгілік Ел, казахская диаспора за рубежом, Республика Узбекистан, отчизна, кочевой народ, казахский язык.

K.U. Karabaeva\*<sup>1</sup>, A.S. Syrlybaeva<sup>2</sup>, N.K. Dyusebaev<sup>3</sup>  
<sup>1</sup>candidate of of agricultural sciences, Shymkent University  
<sup>2</sup>senior lecturer, Shymkent University  
<sup>3</sup>history teacher, A.S. Pushkin Gymnasium № 1  
Shymkent, Kazakhstan, E-mail: nurmuhameda@mail.ru

## KAZAKH DIASPORA IN UZBEKISTAN: PAST AND PRESENT

### Abstract

One of the most densely populated countries in Central Asia is the Republic of Uzbekistan. After all, statistics show that about 1.5 million of our compatriots live in this country. The article describes the fate of the Kazakh diaspora in neighboring Uzbekistan, their past and present, ways to increase the significance of the «Nurly kosh» program, and also analyzes in detail the role of the process of involving compatriots in the modernization of national consciousness.

Kazakh steppes have always been distinguished by the originality of the nomadic rite. After all, the kazakh people respected four types of cattle (horse, camel, cow, sheep), which migrated with them, engaged in cattle breeding as the ancestral occupation of their great-grandfathers. Because, the main source of life support, the bulk of the products received depended on them.

If the main support of "Rukhani zhangyru", the basis of the idea of "Mangilik el" is to increase the status of the state language. Therefore, the authors did not ignore the issue of the kazakh language in Uzbekistan, the preservation of our culture and traditions in this country.

**Keywords:** *Rukhani zhangyru, Mangilik el, kazakh diaspora abroad, Republic of Uzbekistan, motherland, nomadic people, kazakh language.*

**Кіріспе.** Ташкент өңіріндегі қазақтардың қалыптасу тарихында ежелгі тайпалық бірлестіктердің зор ықпалы болғанды анық. Оған бүгінгі қазақ пен өзбектің тайпалық құрамындағы Үйсіндер, Қаңлы, Жалайыр, Қыпшақ, т.б. рулардың кездесетіндігі дәлел бола алады. Мәселен, Қаңлы тайпасы б.з.д. IV-III ғасырларда Сырдың орта және төменгі ағысында жеке-дара тайпалық одақ құрып, осы күнгі қазақтардың іргетасының қалануына септесті.

**Мақсаты мен міндеттері.** Өзбекстандағы қазақ диаспорасының кешегісі мен бүгінгіне тарихи талдау жасау.

**Материалдар мен әдістемесі.** Шындығында қаңлылардың Ниязбек, Тойтөбе, Ақжар болыстарында тіршілік кешкені жайында Шаниязов былайша дерек келтіреді: «VIII ғасырдың 70-жылдарында Қарлұқ және Оғұз тайпалары мен арабтардың тегеурінінен Сырдарияның орта ағысындағы қаңлылардың тәуелсіз бірігуі өзінің өмір сүруін тоқтатты. Олардың бір бөлігі Сырдарияның орта ағысының оң жақ жағалауында көшіп-қонуын жалғастырып, қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамына кірсе, енді бір тобы өзбектердің құрамына енді. XIX ғасырдың II жартысында Ташкент уезінде қаңлылардың 1650 үйі болды» [1]. Осы тұрғыда көрнекті тарихшылар В.В. Востров пен М.С. Мұқанов ежелгі қаңлылардың осы күнгі қаңлылармен етене жақындығы болғандығын, олардың Орта Азия мен Қазақстан халықтарының саяси және этникалық қалыптасуында ерекше рөл атқарғанын айтады [2]. Сонымен бірге, белгілі лингвист – ғалым қаңлылар шежіресінің майталман маманы Ә. Қайдар өзінің «Қаңлылар» делінетін еңбегінде олардың Ташкент аумағында ертеден-ақ қоныс тепкенін тайға таңба басқандай атап көрсетеді. Қаңлылардан бөлек Ташкент аумағында дулат тайпасының үстемдік құрып, едәуір уақыт билегенін кәрі тарихтан білеміз. Дәлірек айтқанда, дулаттар 200 жыл бойы Ташкентті билеп-төстеп, тек XVIII ғасырдың аяғына қарай Жүнісқожаның билігіне өтеді. Алайда, алғашқыда Ташкенттің Шайхантауыр бөлігіне ғана билігі жүрген Жүнісқожа дулаттарды Шымкентке қарай ығыстырып тастады.

Сонымен бірге, бұл өңірдегі Арғын, Жалайырлардың көшіп-қону тарихын М.Тынышпаев XV ғасырға сәйкестендіріп, өзінің «Қазақ-қырғыздар тарихының материалдары бойынша» еңбегінде қазіргі Ташкенттің олардың атақонысы болғандығын көрсетеді. Ал, 1832 жылы шыққан А.И. Левшиннің «Қазақ-қырғыз ордалары мен далаларының сипаттамасы» еңбегінде қазақтардың Орта Азияға ауа көшкенін жоңғар шапқыншылығының нәтижесінен іздестіруге болады: «1723 жылы Қалдан Серен Түркістан, Ташкент және Сайрамды алғанда ұлы және орта жүздің кейбір бөлігін бағындырды. Ұлы жүздің кейбір қалған бөлігі мен азғана орта жүз Ходжентке көшсе, орта жүздің тағы бір үлкен бөлігі Самарқандқа, кіші жүздің бір тобы Хиуа мен Бұқараға көшті» [3]. Біздіңше, дәл осы XVIII ғасырдың басындағы қым-қуыт

тарихи жағдайға байланысты қазақтардың үдере қоныс аударуы, яғни, қазіргі Қазақстан территориясынан ауып, Орта Азия жерлеріне, тіпті, өзге де шет елдерге тұрақтап қалуын айтуға болады.

**Негізгі бөлім.** XVIII-XIX ғасырлардың шеңберінде Хиуа жерінде қазақтардың көптеп қоныстанғанына көз жеткіземіз. Ал, тарихшы И.Фальктің дерегіне сүйенсек, қазақтардың сонау ерте кезден-ақ Хиуада өңірін мекен еткенін байқаймыз. Ол бұл турасында өз еңбегінде былай дейді: «Хиуа ең алғаш бөтен ұлыстан, яғни, қазақтан болған сұлтан Бөрі хан (Абылай ханның күйеу баласы), ал сұлтанның ұлы Батыр Хиуаның ханы бола алған жоқ» [4].

**Талқылау.** Жоғарыдағы тарихи деректі толықтырып, әрі растай түсетін дәлел-дәйекті У.Шәлекеновтің еңбегінен табуға болады. Ол 1827 жылы табынның шөмішті руының көсемі болған Асау Барақовтың Хиуа хандығының қол астына қарағандығын, әрі Хиуа ханы жер беріп марапаттағанын келтіреді [5]. Бұдан бөлек, аталмыш өңірде қазақтардың тұрғандығын мұрағат құжаттары да растай түседі. XVIII-XIX ғасырлардағы әр түрлі тарихи-саяси жағдайларға байланысты қазақтардың біршамасы Қоқан, Әндіжан, Бұқараға да ауа көшкенін нақтылайтын деректерді көптеп кездестіруге болады. Соның бірін Б.Бекетовтің зерттеулерінен көреміз, ал Қарақалпақстанға қоныстанған қазақтарды XVIII ғасырға жатқызып, яғни, қарақалпақ пен қазақтардың Хорезмге көшуінің басты себебін жоңғар шапқыншылығымен байланыстырады. Өйткені, 1723-1727 жылдардың аралығында жоңғарлар Ташкент аумағын ойсырата талқандап, жергілікті халықты бастырып жіберген болатын.

Сонымен қатар Хорезм қазақтары мен қарақалпақтарының 1920-1924 жылдардың аралығында шөл дала (Мырзашөл) ауданына еңбек миграциясымен барып, олар Хорезм облысының солтүстік батысына, ал Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұқара оазистеріндегі далалы аудандарға дейін жылжығанын айтуға болады. Қазақтардың осы бір аудандарға ауа көшуінің негізгі екі себебін көреміз. Біріншісі – жайылымдық жерлердің тарылуына байланысты жаңа шұрайлы жерлерге қоныстану, екіншісі - өндіріс орындарына жалдамалы жұмысшылардың көптеп келуі.

Жерге байланысты қазақтардың қысым көруі аз болған жоқ. Оны ертедегі жаугершілік замандардың өзінде бір мемлекеттің орнына бір мемлекетті ығыстырып, екінші бір мемлекеттің үстемдік құруы жергілікті халықтардың жерге деген тапшылығын айқын сезіндірді. Әсіресе, патша өкіметінің қазақ даласын отарлауына байланысты бұл үдеріс жедел жүріп отырды. Қазақ жерлерін бос жатқан аймаққа теліп, XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қоныстандыру саясатын мықтап жүзеге асырды. Ал, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына қарай қазақ жерлерін иемденгені соншалықты, оны жалға да берді. Мәселен, 1922 жылы Мырзашөл уезіне қарасты Іріжар болысындағы Шөл – дала каналының оң жағындағы көлемі 57-67 шақырым келетін сол жақ тармағы 15 жыл мерзімге Грузияға жалға беріледі. Өйтсе де, қазақтар осы іспетті барлық зорлық-зомбылыққа дер кезінде қарсылық білдіріп, атажұртын қорғауға тырысып баққан.

Расында да, қазіргі Өзбекстан аумағында тұрақтап қалған қандастардың өзінің байырғы атажұртында қоныс тепкеніне еш күмән келтірмеуіміз керек. Әр жылдары жүргізілген халық санақтары да бұл пікіріміздің дұрыстығын айғақтап отыр. Айталық, 1868 жылғы орыстың алғашқы Ұйымдастыру комитетінің жүргізген есебі бойынша, Ташкент уезінің Тойтөбе, Ангрен, Шыршық өзенінің бойындағы қазақтардың саны – 144970 болған екен [6]. Алайда, 1870 жылы әлгі жоғарыдағы мәліметтен мүлдем алшақ жақтан дерек-дәйекті алға тартар болсақ, Ташкент уезінде қаламен қосып есептегенде қазақтардың саны - 42345-ке, құрамалардың саны - 19446-ға кемігенін байқаймыз. Біздіңше, небәрі екі жылдың көлемінде қазақтардың үлес салмағының тым кеміп кетуін түрлі жағдайлардан қарастыруға болатын сияқты. Яғни, қазақтардың көшпелі өмір салтына орай олардың саны есепке алынбай немесе сол тұстағы басқа халықтардың құрамына кіріп кеткен деген байламға келеміз.

Ал мына қызық деректі қараңыз, айналдырған екі жылдың ішінде қазақтар күрт кемісе, керісінше өзбектер 101573 жанға өсіп шыға келген.

1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағы бойынша қазақтардың саны Жетісу облысында 794815, Сырдария облысында 952061, Самарқанд облысында 63091, Закаспий облысында 74225 делінеді.

1917 жылғы деректерге сай Ташкент уезіндегі қазақтардың саны 156839, Жызақтағы қазақтар - 29069, Ходженттегі қазақтар - 10318, Әулиеатадағы қазақтар - 195899, Әмудария бөлігіндегі қазақтар - 49362, Маңқыстаудағы қазақтар - 73089, Хиуа хандығындағы қазақтар – 23000 болыпты.

Ал 1939 жылғы санақ бойынша Өзбекстандағы қазақтар - 305416, (4,8%) құраса, 1989 жылы қандастардың ресми саны 808227-ге жетіп жығылған. [7]

Бұдан бөлек 2011 жылғы ресми деректерге сүйенсек, Ташкент облысында - 339800, Қарақалпақстанда - 306900, Науаи облысында - 49600, Ташкент қаласында - 45900, Жызақ облысында - 31300 адам санын құрайды. Керісінше, саны жағынан мейлінше аз облыстарға мыналар жатады. Бұқарада - 19700,

Сырдарияда - 14600, Хорезмде - 11500, Самарқанда - 4900, Сурхандарияда - 2300, Қашқардарияда - 1800, Ферғанада - 900, Наманганда-800, Өндіжанда -700 бауырластарымыз бар көрінеді [8].

Кез келген басқа халықтар сияқты қазақ халқының өзінің қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы мен материалдық мәдениеті болады. Бұл, түптеп келгенде, ертедегі және қазіргі Өзбекстан территориясында қоныстанған қазақтардың қоғамдық өмірімен біте қайнасуы арқылы олардың тұрмыс-тіршілігі, жүргізген кәсібі, қалыптастырған мәдениеті туралы да ақпар беруге тура келеді. Қалай дегенмен де қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениеті жайында аз-кем шегініс жасаумен, қандастарымыздың ұлттық болмысынан, бай мәдени өмірінен хабардар боламыз.

Қазақтың байтақ даласы қашанда көшпелілік салттың өзіндік ерекшеліктермен сабақтасып жатты. Өйткені, халқымыз төрт түлікті кие тұтып, өзінің атакәсібіндей көріп, мал соңында көшіп-қонып жүрді. Тіршілігінің негізгі көзі, алынған басты өнімдерінің дені төрт-түлікке байланысты болды. Тіпті, ХІХ ғасырдың аяғына дейін қазақтардың негізгі шикізат көзі мал өнімдері болғандығын орыс саяхатшылары мен зерттеушілері айтқан болатын. Шындығында ертедегі қазақтар барлық күн көрісін малмен байланыстырып, ол жұтқа ұшыраса, өзі де құрдымға кететіндей көрінетін. Қазақ тарихындағы бір емес бірнеше аштықтың болуы осы мал басының жұтауымен, оның кеміп кетуімен тікелей байланысты. Осындай ұлы жұт, ашаршылық жылдарында қазақтар малдан басқаны көрместен, егіншілікпен айналысуды көп біле бермеген. Әйтсе де айта кететін жайт - қазақ хандарының қос алыбы – Абылай мен Кенесары малмен бірге егіншілікті игеруге ден қойып, халықты отырықшылыққа шақырған.

Осылай ХІХ ғасырдың аяғына қарай қазақтар орыстар мен өзбектерден егіншіліктің қыр-сырын үйренуге ден қойды. Қалай десек те осы кезеңде егіншілікпен қазақтардың ең кедей топтары айналысты. Бірақ, олардың өзі егістік басында ұзақ тұрақтап тұрмастан, қыс кезінде 5-10 шақырымдық қыстауға көшіп, егіс егу алдында қайтып көшетін болды. Сондықтан да қазақтар үшін егін егу мерзімді жұмыс болып саналатын, отырықшылыққа көшкен қазақтардың өзі мал өсіріп бағуды бүтіндей тастамай, егіншілік пен мал бағуды қатар алып жүретін еді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте әбден жағдайы тұралап қалған қазақтардың 117 отбасысы Ташкент уезіне көшірілді. Оларға арнайы жер бекітіп беріліп, егіншілікпен айналысуға мүмкіндік туғызылды. Сол сияқты Сырдария мен Қуандарияның төменгі ағысы егіншілікпен айналысуға өте қолайлы жер болатын. Қазіргі Қарақалпақстан территориясын қамтитын бұл өңірдегі қазақтар арпа, тары, сұлы, бидай өсірді. Қазақтар осы кезде дәнді- дақылдардан басқа бау-бақша өнімдерін өсірумен де айналысты. Яғни, қауын, қарбыз, сарымсақ, сәбіз, қызылша екті [9]. Сонымен бірге, ақ және қызыл тұқымды күріш егуді игерді. Мәселен, 1917 жылы Шыршық, Ангрен, Ташкен уезінде 67700 десятина жерге күріш егіліпті. Одан бөлек, егістік алқаптарда тары өсіру де қолға алынды.

Өзбекстан қазақтарының Самарқанд, Ферғана облыстарында тұратындары мал шаруашылығын қосалқы кәсіп ретінде ғана қолданыс аясына түсіріп, егіншілікті қолға алды. Әйтсе де, Өзбекстан қазақтары түгелге жуық егіншілікпен айналысып кетті деуге болмайды. Мәселен, Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу мен Сырдария және Закаспий облыстарында мал шаруашылығы анағұрлым дамыды.

Онда тұратын қазақтардың 339486 қожалығы құрылып, 1.697.430 көшпелі халық өмір сүрді. Қазан төңкерісіне дейінгі Өзбекстанның мал шаруашылығындағы негізгі төлдер қой, жылқы, ірі қара мал мен ешкі, азырақ түйе болды. Мал шаруашылығындағы қазақтардың ең негізгі түрі қой шаруашылығы еді. Әсіресе Қызылқұм қазақтары бұрыннан-ақ қойдың қаракөл және құйрықты тұқымын өсіруді қолға алса, ал өзбектер, түріктер, құрамалар, қаңлылар, қыпшақтар көбіне-көп қазақы қой мен жайдары қойды өсіруге маңыз берді. Олар негізінен Ферғананың таулы аудандарында, Ташкентте, Жызақта, Зерафшанда, Қашқардарияда кең тарады. Сонымен бірге қазақтар ірі қара малдың ішінде өгізді жұмыс күші ретінде пайдаланды. Бұрынғы Бұқара аумағында бір өркешті түйенің бек батша нар, құлбатча нар, жумауз нар, килагай нар, сокмак нар және жунак нар деген түрлері болды. Одан бөлек қос өркешті түйенің ойри, мырза-кушма және кироди кушма дейтін түрлері өсірілді. Алайда, Өзбекстан қазақтарының арасына ірі қараны ұстау кейіннен келді. Ал кедейлер жылқыдан гөрі сиырды өсіретін еді, өйткені сиырдың берер өнімі көп болатын. Сырдария қазақтарына ірі қараны ұстау қарақалпақтардан келсе, Шу қазақтарына қалмақтардан келді деген болжам бар [10].

Қазақ арасында жылқы малының орны қашанда бөлек. Оның үстіне жылқының тарихи отаны қазақ жері екені белгілі. Қазақ жылқысының тарихының өзі тым тереңде жатыр. Оның өзіне ғана тән ерекше қасиеттері талайларды қызықтырып келеді. Сонау Түркістан округінің өзінде қазақ жылқысының басы аса көп тарауы кездейсоқ емес. Қазақ жылқысы екі аршыннан аспайтын орта бойлы, ерекшелігі алдыңғы аяғы түзу, төсі кең, әрі шығыңқы ұзын, қабырғасы ірі, құйрық-жалы қалың болып келеді. Ол жорға жүрісімен-ақ 8 шақырымды небәрі 1 сағатта жүріп отырады. Осыған байланысты оның 1868 жылғы бір шайқас кезінде

Самарқандтың түбінен Ташкентке, 280 шақырым жерге бір күнде жеткендігі жөнінде мәліметтер бар. Ресми деректерге сүйенсек, 1895 жылы бір Ташкент уезінде 68300 жылқы басы болса, ал қалада 14100 жылқы басы болған. 1912 жылғы мәліметтерге қарасақ, Ташкент уезінде 113385 жылқы басы болса, қалада 10276 жылқы басы болды. Расында Өзбекстандағы қазақтар жылқы малын ұстаумен айналысты. Әсіресе, Ташкент облысының Бостандық, Жаңабазар аудандарындағы қазақтар жылқыны көптеп өсірді.

Өзбекстандағы қазақтардың материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғи жағдайына, дәстүрлік ерекшеліктеріне сай өзгеріп, дамып отырды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтардың азырақ бөлігі өзбек, тәжік, қырғыздармен қатар тау етектеріндегі ірі қыстақтарда орналасты. Олардың көшелері тар болғаны соншалықты, терезелерінің негізгі бөлігі аулаға қарап, бау-бақша өсірумен айналысты. Қазақтардың мұндағы екінші бөлігі жоспарсыз және тастан соғылған үйлерде тұрды. Өзбекстандағы қазақтардың бір бөлігі тау қуыстарындағы қоныстарға орын тепті. Бұған Бостандық ауданының Шақшам ауылындағы қазақтарды жатқызуға болады.

1920 жылы отырықшы қазақ селоларының 378-і Ташкент уезінде болды. Аймақтар бойынша Келес өзені бассейнінде қазақтың 136, өзбектің 16 қонысы, қазақтардың 214, өзбектердің 105 қонысы Шыршықта, қазақтардың 28, өзбектердің 29 қонысы Ангренде шоғырланды. Алтын, Жетісу, Үштамғалы, Шарапхана болыстықтарында тек қана қазақтардан тұратын поселоктар болса, 12 болыстықта аралас қоныстар болды. Қазақтардың қоныстарының көлемі өзбектердікіне қарағанда кішірек болды. Өзбек қоныстары Ниязбекте көбірек болса, Шыршықтың басқа болыстықтарында қазақтардан кемірек. Айта кету керек, қазақ ауылдарының барлығы ру-ру болып орналасты. 300-ден кем тұратын қазақ қоныстары 56% болса, 100 адамнан кем тұратын өзбек қишлақтары Түркістан АКСР-де 8-9%-ды құрайды. Сондай-ақ қазақтардың Ташкент уезі бойынша ең үлкен ауылы 3000 адамнан тұрған, оның өзі үшеу-ақ, 2000-ға дейінгі адамы бар 18 ауыл болған. Ал керісінше адамы аз 400 адамнан тұратын 198 қоныс, 200 адамнан тұратын 78 қоныс, 400-ден 500-ге дейін адамы бар қоныс 38 болған. Ал, енді мерзімдік қоныстарда халықтар бір ауылда топталып, ұяға ұқсап қоныстанатын. Олар Ангрен, Орта Шыршық, Паркент, Жоғары Шыршық аудандарындағы Бамс, Бұзаушы, Балта, Қоңырат, Рамадан, Сіргелі т.б. ауылдарына тән болған. Ташкент уезінің Байтқорған қышлағында 334 өзбек, 16 қазақ жанұясы, Қыбрайда 334 өзбек, 7 қазақ, Паркентте 1414 өзбек, 40 қазақ жанұялары болған. Қазақтардағы ретсіз қоныстар 50 жылдардың аяғына дейін сақталды. 1960 жылдан бастап өзбек қоныстарына тән баспаналардың қамал түріндегі биік дуалдармен қоршалуы қазақтарда да етек ала бастады [11].

Қазақ қоныстарының отырықшы өзбек, тәжік халықтарының қоныстарымен салыстырғанда біршама ерекшелігі болды. Біріншіден, егіншілікпен, екіншіден, мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың қоныстары кең аймақты алып, рулық белгісіне қарай шашыраңқы орналасып, өзбектердің қишлақтарына қарағанда көлемі кішірек болды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Өзбекстан қазақтарының үй құрылысындағы елеулі өзгеріс - пахса пайдаланылмады. Оны көбіне-көп қора-қопсыларды салуда ғана қолданды. Ал XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Өзбекстан қазақтарының баспаналары қам кірпіштен немесе шымнан тұрғызылды. Қам кірпіштен соғылған үйлер Қарақалпақстанның Шымбайда, Теппекүл ауылдарында кең көрініс тапты.

Қам кірпіштен өзге қазақтар екі не үш бөлмелі қарапайым қазақы үйлер салды. Осы тұста қазақтардың үй құрылысына жергілікті өзге халықтардың ықпалы зор болды.

Бұдан бөлек Ташкент уезінің Жаусоғым, Алтын, Іріжар (Шардара), Майдантал т.б. болыстарында қазақтардың негізгі баспанасы киіз үй болатын. Ол Өзбекстан қазақтарының ауқаттыларында XX ғасырдың 30-60-шы жылдарына дейін сақталды. Қарақалпақ қоңыраттарының да дәстүрлі киіз үйді пайдаланғанын көруге болады.

Өзбекстан қазақтарының өзіндік киім кию үрдісі жергілікті табиғи жағдайларға байланысты қалыптасты. Қазақ әйелдері негізінен қанық бояулы, түрлі-түсті мақта, не жібек, панбарқыт, жылтырауық маталардан тігілген киімдерді киді. Сонымен бірге, олар жас ерекшелігіне қарай түс талғайтын еді. Осы орайда жас қыздар мен келіншектер қызыл алау түсті көйлектерге әуес болса, 3-4 баласы бар әйелдер көк немесе аспан түсті киімдерді көбірек киетін. Қаралы бір жағдайларда Шыршықтың жоғарғы жағы мен Піскент, Бөке аудандарындағы қазақтар көк орамал тартуды дәстүрге айналдырған. Ал егер көйлек жібек матадан тігілсе, қаралы түс болып саналмайды. Себебі, жібек матаны бағалы санаған, оны «әулие мата» деп біліп, одан тігілген киімді жалаңаш денеге киюді жөн көрмеген.

Жасы үлкен әйелдер 1920-30 жылдарға дейін тік жағалы, жеңі ұзын, тік пішіліп, етегі кеңдеу келетін көйлекті киетін. Көйлектің бұл үлгісі екі халыққа да ортақ болып келетін, әрі оның айырмашылығы өзбек әйелдерінің көйлегінің ұзындығы тобыққа дейін жететін де, алды көкірекке дейін қиылған болып келеді.

Керісінше, Өмудария жағалауындағы қазақтардың сыртқы киім түрлері біршама өзгеріске түсіп отырған. Мәселен, қалалық өзбектерге еліктеген ауқатты қазақтар сәлде, Бұхар, Хиуа шапандарын киген. Ал, XX ғасырдың 40-50 жылдарында қазақтарда шапанның тік жағалы, алды үшбұрыш болып келген, етегі кеңдеу, тізеден асатын үлгідегі түрі киілсе, XX ғасырдың 50 жылдарынан бері қарай жаппай ойма жағалы, сырылып тігілген өзбек шапандарын кию кең өріс алған. Түркіменстан, Өзбекстандағы қазақтарда өзбектер сияқты сыртқы киімнің белін екі-үш метрден тұратын ақ не бөз шүберек белбеулермен байлайтын. Өзбекстан қазақтарындағы көп киілетін бас киімнің түрі-тақия, ол XX ғасырдың 40-50 жылдарына дейін қазақ арасында кең қолданысқа ие болса, оның сыртынан ақ орамалмен байлау да көп кездесіп отыратын. Алайда, сәлдені қазақтарда үлкен қариялар мен молдалар орасан өзбектерде орта жастағылар мен қариялар да күнделікті, ал үйленген жас өзбек жігіті алғашқы бірінші айда үнемі сәлде салып жүретін болған. Сонымен, қазақтардың бас киіміне қарау арқылы олардың Орта Азияның басқа халықтарынан киім кию үрдісі арқылы ажыратуға болатынын айтуымыз керек [12].

Өзбекстандағы қыз-келіншектер мен әйелдердің өзіндік киім кию үрдісі басқаша айтқанда, Қазақстан қазақтары сияқты емес, кимешекті мейлінше аз қолданды. Келін болып түскен сәтінде сәукеле, бөрік не тақия сыртынан жабылған орамал салатын болған. Сонымен бірге, өзбектердің киім кию үрдісіне жақын киінуге тырысатын. Былайша айтқанда, жергілікті жердің салт-дәстүрлерінің ықпалы айқын сезілетін. Мәселен, Хиуа шекарасына жақын жерлердегі қазақтар биік түркімен бас киімін, өзбектерге көршілестері чалма орайтын.

Өзбекстан қазақтарының қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығына орай өзіндік ас мәзірі мәдениеті дамыды. Көбіне-көп өзбек ұлтының дәстүрлі ұлттық тағамдары етене кіріккен ас дайындау үрдісі қалыптасты. Нанның қатырма, пәтір, таба, тандыр нан, бауырсақ, жұқа нан т.б. түрлерін дайындады. Сонымен бірге Өзбекстан қазақтары нарынды күнделікті ас мәзірінде көп тұтынды. Өзбекстанның Зерафшан төңірегіндегі қазақтар «май күлше» аталатын ас-тағамды қолданды. Ол, біздіңше, кәдімгі «нан салма» дейтін тағам деуге болады. Өзбекстан қазақтары, әсіресе, сусын ретінде бидайдан, тарыдан, күріштен жасалған көжені пайдаланды.

Сонымен Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі шаруашылығы мен материалдық мәдениетін зерделей қарастыра келіп, өзіндік қорытынды жасаймыз. Яғни, ертедегі және бүгінгі Өзбекстан қазақтарының қоныстарында, баспаналарында, киімдерінде, тағамында дәстүрлі ұлттық мәдениет белгілері сақталды десек те, ол жергілікті халықтың мәдениетімен қабысып, соның кейбір элементтерін бойына сіңіргенін айтуымыз қажет.

Өзбекстан қазақтарының отбасылық мәдениеті жалпыұлттық негіздерге жақын екенін байқауға болады. Қазақ отбасыларының өзіндік ерекшелігі, қанша шағын болғандығына қарамастан, қарашаңырақта бір баланың қалуы міндетті болатын. Құдасын құдайындай сыйлап, құтты төріне отырғызған қазақтар оларды «нарын құда» немесе «құрсақ құда» деп көтермелеп мәртебесін асқақтатқан. Мұндай үрдіс әсіресе қарақалпақ қазақтарының арасына кең тараған [13]. Алайда, құдалықтың бұл түрі бүгінде көп кездесе бермейді. Кейбір мәліметтерге құлақ түрсек, қарақалпақ қазақтарының ішінде жаңа дүниеге келген қос нәрестені қатар алып, бір-бірінің құлағын тістету арқылы құдалықтың бесік құда түрін рәсімдейтін болған.

Қыз ұзату немес алып қашу үрдістерінің қалыптасқан өзіндік әдет-ғұрыптық, жөн-жоралғылық белгілері дамыды. Мәселен, ертеректе қарақалпақ қазақтары некені құда түсу арқылы бекітсе, XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап оны алып қашып үйлену секілді салтқа негіздеді. Өзбекстан қазақтарының жергілікті өзбектерден айырмашылығы, қанның тазалығын сақтауға қатты мән бергендігінде. Яғни, жетіден он екі атаға дейін қыз алыспау салтын бұлжымас заңдылыққа айналдырды.

Халқымыздағы игі дәстүрлердің бірі-келін босағаны аттамай тұрып, беташарды жөн-жолымен өткізіп болған соң ғана оң аяғымен ішке кіргізетін болған. Осындай үрдіс Шыршық өңірінің қазақтарында әлі де кездеседі. Ал Қарақалпақстан қазақтары келінді беташарға шығарарда үш орамал жауып шығаратын. Біріншісі, қызыл орамал, қыз белгісі, екіншісі ақ орамал, келін болдың дегені, үшіншісі де ақ орамал, басың енді ағарды дегені болуы керек. Керісінше, Қарақалпақстанның Шатырақ ауылында келіннің алдына ұршық не арқан қоятын болған. Оның мәнісі түскен келіннің мінезі ұршық пен арқан сияқты иіріліп тұрсын деген ырымнан туған [14].

Қазіргі кезеңде Өмудария жағалауындағы аралас некенің таралған жері-Орталық Нүкіс-Қоңырат, Ходжелі, Шымбай, Қараөзек, Тақтакөпір, Мойнақ аудандары. Мұндай неке қарақалпақ, қазақ арасында көп таралған. Қарақалпақстанның солтүстік батысында Қоңырат, Шуманай, Ходжелі аудандарында қарақалпақ-өзбек, қарақалпақ-қазақ, өзбек-қазақ некесі, сондай-ақ, Беруни, Төрткүл, Эллиқкала аймағында да өзбек-қазақ, қарақалпақ-қазақ некелері кездесетіндігін А.Е. Бижанова өз зерттеуінде

көрсетеді [15]. Шындығында аралас некенің қай-қайсысы да Өзбекстанның шеткері аймақтарында болмаса, ішкері жағында жоққа тән.

Өзбекстан қазақтарында жаңа түскен келінге байланысты бірқатар ырымдар қалыптасқан. Мәселен, жаңа келіннің алдына бала отырғызу оның ертерек құрсақ көтерсін дегені болса, ұл бала бітсін деп сойылған малдың ұлтабарын жегізу дәстүрге айналған. Сонымен бірге, жаңа келіннің төсегіне баланы аунатып алатын ырым да болған. Қарақалпақстан қазақтарында жеңгелері келін қуыршақ жасап, жас нәрсетені орамалға орап жігіт жағына сататын ырым дамыған. Мұның өзі екі жасқа нәресте тілеу ұғымынан туындаған.

Өзбекстан қазақтарындағы күні бүгінге дейінгі дәстүрдің бірі-құрсақ шашу. Ол әйелдің тез босануына жасалатын жарысқазан ырымымен қабысып жатыр. Осы тұрғыда әйелді босандыруға қатысты оның шашын тарқату, барлық түйіндерін шешу, түйме біткенді ағыту т.б. үрдістер жүзеге асырылды. Толғатып жатқан әйел болса отқа май салу, адыраспан түтету тәрізді ғұрыптар да кең етек алды. Ал, Қарақалпақстанның Жаңаарық ауданында әйел босанып жатқан бөлменің төрт бұрышына мақта жабыстыратын болған, егер ол түсіп қалса, әйел тез босанады деген сенім қалыптасқан. Осындай ырым – дәстүрлер Бұқара тәжіктерінің арасында да кездесіп отырған. Хорезм төңірегіндегі қазақтарда бала тұрмай немесе туған бала көп ауыратын болса, әйелдің шашын кесіп, мазарға апарып көму ғұрпы болған. Бұл-әулие-әмбилер қолдасын деген ырым.

Өзбекстан қазақтарының бақилыққа аттанған адамдарды жерлеудің өзіндік рәсімдері болған. Ол негізінен елдің аумақтары бойынша әдет-ғұрыптық негізде аз-кем өзгеріске түсіп отырған. Өлікті Өзбекстандағы қазақтар «мәйіт» десе, оның соңғы бақұлдасын «араздасу» деп атаған. Қысқаша айтқанда, Өзбекстан қазақтарының жерлеу ғұрпы осы күнгі қазақтардың жерлеу салтымен тікелей сабақтасып жатыр.

**Қорытындылай келгенде** айтарымыз, тәуелсіздігін алған бүгінгі қазақ елі өзінің қандастарын қарашаңыраққа шақырып, құшағын жая қарсы алуға. Өйткені, Өзбекстандағы басқа ұлттарға қатысты жағдай жылдан-жылға күрделеніп, қазақ мектептері жабылып жатыр.

**Зерттеу нәтижесі.** Өзбекстанда тұратын қазақ диаспорасының 60 пайызы ауыл тұрғындары болып табылады. Олардың негізгі кәсібі диканшылық пен мал шаруашылығына негізделген. Ал қалалықтар түрлі мемлекеттік мекемелерде қызмет атқарса да, олардың жергілікті өзбек ұлтына қарағанда жоғары лауазымды мамандары өте аз. Республиканың қазақтар тығыз орналасқан өңірлері - Қарақалпақстанда, Ташкент пен Науаи облыстарында диаспора өкілі басшыларының саны соңғы жылдары елеулі қысқарды. Былайша айтқанда, қазақтарды басшылық орындардан, жалақысы жоғары немесе беделді лауазымдардан босатып жатыр. Қазақ диаспорасы бұларды өздерінің әлеуметтік-саяси құқықтарының бұрмалануы деп қабылдайды, сондай-ақ, биліктегілердің мұндай әрекеттері республикадағы, әсіресе, қазақтар жинақы тұратын жерлердегі әлеуметтік шиеленіске әкеп соғуы мүмкін. Нақтырақ айтқанда, Өзбекстандағы қазақ диаспорасының бұрынғы уақыт мөлшерімен салыстыра қарағанда әлеуметтік мәртебесінің төмендеуі, оның материалдық жағдайының нашарлауы күнделікті тіршіліктегі түрлі кепілдік құқықтарының жоқтығы – ауыр тиетін процесс.

Сондықтан да қандастарымыздың елге қайтуына бар мүмкіндік туғызу, жай-жағдайын жасау - алдағы күннің еншісіндегі басты міндет болып қала бермек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шаниязов К.К. *Этнической истории узбекского народа*. Т. 1972, – 340 с.
2. Востров В.В., Мұқанов М.С. *Родоплеменной состав и расселение казахов*. – А.1968. – 255 с.
3. Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих или киргиз - кайсацких орд и степей*. – СПб., 1832. –Ч.2. – 304 с.
4. Фальк И. *Описание всех национальностей России*. – А., 1999. – 139 с.
5. Шәлекенов У.Х. *Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакий в XVIII-XX вв.* –Т.1966-336-с.
6. Қалиабаева Б.К. *Түркістан өлкесі халықтары жөніндегі демографиялық мәліметтерден (XIX ғасырдың II жартысы –XX ғасырдың басы ) // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы, - 2000. №3 (18). – 118-122 бб.*
7. Сонда, 118-122 бб.
8. Мұқан А. *Өзбекстан қазақтары: кешегісі мен бүгіні*

9. Қалишабаева Б.К. Ташкент облысы қазақтарының кәсіби ерекшеліктері (XIX ғ. II жартысы – XX ғ.басы) // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы - 1997. №3. 84-88 бб.

10. Сонда 84-88 бб.

11. Қалишабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақ диаспорасының қоныстары мен баспанасындағы ерекшеліктер // «Тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтау мәселелері» атты республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары 2005 жыл. 14 желтоқсан. – А., 2006. – 90-94 б.

12. Қалишабаева Б.К. Орта Азия қазақтары (тарихи – этнографиялық зерттеу) автореферат. – А., 2010. – 31-32 б.

13. Төлеубаева К.М. Орта Азия халықтарының некелесу дәстүрлерінің ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра бағдарламасын іске асыруға қосқан үлестері: жетістіктері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – А., 2009. – 102-104 б.

14. Қалишабаева Б.К. Орта Азиядағы қазақтардың қыз ұзату дәстүрлері // Қазақ диаспорасы мәдениетінің зерттелуі. – А., 2014. – 48-56-б.

15. Бижанова А.Е. Семейно-бытовые обряды казахов низовья Амударьи (вторая половина XIX-середины XX вв.) автореферат. – Нукус, 2001. – 24 с.

#### References:

1. Shaniyazov K. On the ethnic history of the Uzbek people T. 1972. – 340 p.

2. Vostrov V.V., Mukanov M.S. Tribal composition and settlement of Kazakhs. – A., 1968. – 255 с.

3. Levshin A.I. Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes – From pb, 1832. - Part 2-304-p

4. Falk I. Description of all nationalities of Russia. – A., 1999. – 139-p

5. Shelekenov U.H. Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya. On the history of loan relations of the Karakalpak Peoples in the XVIII-XX centuries – Vol.1966. – 336-p.

6. Kalshabayeva B.K. Turkistan olkesi halyktary zhonindegi demografiyalyk malimetterden (XIX gasyrdyn II zhartyssy – XX gasyrdyn basy) // KazMU khabarshysy. Tarikh seriyasy, -2000. №3 (18). – 118-122- bb.

7. Sonda, 118-122-bb.

8. Mukan A. Ozbekstan kazaktary: keshegisi men bugini //

9. Kalshabayeva B.K. Tashkent oblysy kazaktarynyn kasibi yerekshelikteri (XIX. II zhartyssy – XX century.basses) // KazMU Khabarshysy. Tarikh seriyasy -1997. No. 3. 84-88-bb.

10. Sonda 84-88 bb.

11. Kalshabayeva B.K. Ortalyk Aziyadagi kazak diasporasyn konystary men baspanasyndagi yerekshelikter // "Tarikh-madeni murany zertteu zhane saktau maseleri" atta republikalyk gylım – praktikalyk conference materialdary 2005 zhyl. 14 zheltoksan . – A., 2006. – 90-94 b.

12. Kalshabayeva B.K. Oрта Asia kazaktary (tarikh – etnografiyalyk zertteu) abstract. – A., 2010. – 31-32 b.

13. Toleubaeva K.M. Oрта Asia halyktarynn nekelesu dasturlerin yerekshelikteri // Al-Farabi atyndagy KazUU galymdaryn "Madeni mura bagdarlamasyn iske asyruga koskan ulesteri: zhetistikteri zhane damu bagyttary" atta halykaralyk gylım – practicalyк conference materialdary. – A., 2009. – 102-104 b.

14. Kalshabayeva B.K. Oрта Aziyadagi kazaktardyn kyz uzatu dasturleri // Kazakh diasporas madeniyetinin zerttelui. – A., 2014. – 48-56 B.

15. Bizhanova A.E. Family and household rituals of the Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya (the second half of the XIX-mid-XX centuries.) abstract . – Nukus. 2001. – 24 p.